

Түркістан облысы Келес ауданы

*№26 «Келес» жалпы орта
білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі*

*Мектеп парламентінің
іс қағаздары*

Бәйтерек ауылы

2023-2024 оқу жылы

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№26 КЕЛЕС
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №26 КЕЛЕС
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА

БҰЙРЫҚ

16.10.2023

«Болашақ» өзін-өзі басқару
ұйымын құру туралы

ПРИКАЗ

№ 09

Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған мәдени-көпшілік, саяси-
қоғамдық іс-шаралар жоспарын орындау және оқушылардың белсенділігін
арттыру, өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте оқушылардың белсенділігін арттыру, өзін-өзі басқаруын
қамтамасыз ету мақсатында «Болашақ» ӨӨБ ұйымы құрылсын.

2. «Болашақ» ӨӨБ ұйымының жарғысы, құрамы, құрылымы және жұмыс
жоспары жасалып бекітілсін.

3. «Болашақ» ӨӨБ ұйымының жұмысына жетекшілік жасау мектептің
тәлімгері Қ.Белхожаеваға міндеттелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары А.Алтыбаевқа жүктелсін.

Негізі: Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған мәдени-көпшілік, саяси-
қоғамдық іс-шаралар жоспары

Мектеп директорының
міндетін уақытша атқарушы:



М.Омаров

Оқушылар Парламентінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Оқушылар Парламенті – көшбасшы, қазақ тілін еркін меңгерген, 7-10 сынып аралығындағы арнайы сайлау арқылы таңдалып алынған оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы.

1.2. Оқушылар Парламенті – мектептегі оқу тәрбиелік процестерді басқарудың жалпы жүйесі болып табылады және оқушылардың қоғамдық пікірлерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу негізінде есепке алады.

2. ОҚУШЫЛАР ПАРЛАМЕНТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Оқушылар Парламентінің мақсаты:

- Мектептегі оқу үдерісін демократияландыру;
- Оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту;
- Оқушылар үшін маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- Оқушылардың пікірін ескере отыра ортақ мәселелерді шешу;

2.2. Оқушылар Парламентінің негізгі міндеттері:

- Мектептегі оқушылар мен жасөспірімдердің мәселесіне назарын аударту және шешу жолын ұсыну;
- Мектеп әкімшілігімен, педагогтармен, оқушылардың ұйымдарымен бірлесе отырып оқушылардың қызығушылын жүзеге асыру;
- Оқушылардың қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға қатысуға ынталандыру және қолдау;
- Мектеп оқушыларының құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау;
- Оқушылардың арасында экологиялық, құқықтық сауаттылықты дамыту;
- Оқушылардың сабақтан тыс уақын тиімді пайдалануға ат салысу;

3. Оқушылар Парламентінің Функциялары

3.1. Парламент өз міндеттерін сәйкес мынадай функцияларды орындайды:

3.2. Оқушылар өмірінің барлық бағыттарын үйлестіру жөніндегі шараларды әзірлейді, қабылдайды және жүзеге асырады.

3.3. Мектеп оқушыларын әлеуметтік-құқықтық қорғауға қатысады.

3.4. Көрсетілген міндеттерге сәйкес басқа функцияларды орындайды.

4. Оқушылар Парламентінің функцияларын қорғау

- 4.1. Өз функцияларын жүзеге асыру үшін Оқушылар Парламенті:
- 4.2. Оқушылар клубын және оқушыларды іс-шараларға тарту;
- 4.3. Парламентке келіп түскен ақпаратты зерделеу, талдау және шешім қабылдау;
- 4.4. Мәселелерді тез арада қабылдауға және шешуге құқығы бар.

5. Оқушылар Парламентінің ұйымдастырушылық құрамы

- 5.1. Оқушылар Парламенті мынадай негізгі фракциялардан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы
2. Ақпарат фракциясы
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
5. Қамқорлық фракциясы
6. Мәдениет және өнер фракциясы
7. Дебат қозғалысының фракциясы
8. Экология және еңбек фракциясы

- 5.2. Оқушылар Парламентін қызметін Президент басқарады

- 5.3. Мектеп Президенті жалпы оқушылар арасында сайланады.

- 5.4. Жекелей Фракция бойынша бөлінеді, өзара фракция басшысы тағайындалады, ал міндеттер басқа мүшелер арасында таратылады.

6. Оқушылар Парламентінің сайлау реті:

- 6.1. 7-10 сынып аралығында әр сыныптан, қазақ тілін еркін меңгерген, қоғамдық жұмыстарға мүдделі 1 оқушы өтінім білдіреді. Оқушылар өз бағдарламаларын жасап ұсынады, бекітілген жағдайда мектеп-лицей сайтына жүктеледі. 7-10 сынып оқушылары дәстүрлі және онлайн форматта дауыс береді.

- 6.2. Парламент отырысын Президент басқарады, ал ол болмаған кезде – жауапты бір мүше басқарады.

- 6.3. Парламент жиналысы ашық өтеді.

- 6.4.6.5. Оқушылар Парламентінің шешімдерін жиналысқа қатысушылардың көпшілігі қабылдайды. Парламенттің мүшелерінің көпшілігі қатысқан және дауыс берген жағдайда жарамды болады. Кеңестің шешіміне Президент қол

қояды. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Парламент мүшесі пікірін жазбаша түрде табыс етуге құқылы.

6.6. Парламент жұмысын жақсы ұйымдастыру үшін әртүрлі БАҚ-тарды, әлеуметтік желілерді, соның ішінде Парламенттің қызметіне арналған стендтерді пайдаланады.

7. Оқушылар Парламенті мүшелерінің міндеттері:

7.1. Президент мектептегі Парламентті ұйымдастырады және мектеп жұмыс жоспарында қарастырылған іс-шаралардың ұйымдастырылуын қадағалайды.

7.2. Парламент мүшесі жиналысқа келе алмайтын жағдайды ескертуге міндетті, жиналыс кем дегенде 1 күн бұрын хабарлану керек.

7.3. Барлық Парламент мүшелері волонтерлік фракцияның құрамында болады.

7.4. Қоғамдық іс-шараларды белсенді ұйымдастырудан бөлек қатысу да міндеттеледі.


8. Қосымша

8.1. Парламент осы Ережеге түзетулер енгізу және бекітуге құқылы.

8.2. Бұл ереже мектеп директорының келісімі бойынша күшіне енеді.









Мектеп Парламентінің Президенті Есенәлі Ақбота

Мектеп Парламенті Президентінің атқаратын міндеттері мен функциялары:

- парламент қызметіне басшылық жасайды және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады;
- өз орынбасарлары, фракция көшбасшылары арасында міндеттерді бөледі және олардың қызметін үйлестіреді;
- өз міндеттерін орындау кезінде білім беру ұйымының басшылығы берген құқықтарды пайдаланады.





**Құқық және тәртіп
фракциясының жетекшісі: Әліпбай Бағлан**

**Құқық және тәртіп
фракциясының атқаратын міндеттері мен функциялары:**

- мектепте сабақ үлгерімі төмен оқушыларды басшылыққа алып оларға кеңестер беріп, үлгерімі жақсы, алғыр оқушылардың оларға қосымша сабақ беруін қадағалайды.
- мектептегі тоқсандық қортынды шығаратын жиындарға қатысады;
- мектеп оқушыларының үлгерімі жөніндегі әкішіліктің жиындарына қатыса отырып, өз пікірін білдіруге құқылы;
- оқушылар арасында әлеуметтік мәселелерді қолдауға атсалысады.
- оқушылар арасына келеңсіз жағдайларды болдырмау, сабаққа қатысу-қатыспауын қадағалап, мектепшілік тәртіпті бақылау
- ұйым үнпарағы ай сайын шығарылып, мектепшілік іс-шаралар талданып, баспасөз беттері арқылы таралуы керек.





Ақпарат фракциясының Жетекшісі: Үсен Зейнеп

Ақпараттық фракциясының атқаратын міндеттері мен функциялары:

- Мектептегі БАҚ – ты (газет, радио және web – сайт) оқушылардың өзін – өзі басқару құрылымының жұмыстары туралы мәліметтермен үнемі қамтамасыз етіп отыру;
- Аталмыш құрылым туралы БАҚ – та жарияланған деректерді жинап отыру;
- Жергілікті және республикалық БАҚ – ты мектеп оқушыларының жетістіктері мен жаңалықтары туралы мәліметтермен қамтамасыз ету;
- Мектепте қабырға газеттерін жасап отыру;
- www.zhasulan.kz сайты мен оқушыларға арналған әлеуметтік желісін алға тарту;
- «Мектеп жаңалықтары» мектеп газетіне ұйым жаңалықтарын, қызметін, іс-шарасын насихаттайды.





Спорт және салауатты өмір салты фракциясының жетекшісі: Шалқар Шыңғыс

Салауатты өмір салтын насихаттау бөлімбасының атқаратын міндеттері мен функциялары:

- Оқушылардың салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында әр түрлі акциялар мен конкурстар өткізу;
- Спорттық шаралар ұйымдастыру;
- Халықаралық, республикалық спорт байқауларына қатысатын оқушыларға көмек көрсету (жанкүйерлер, газет, плакат шығару);
- Оқушылардың спорттық жетістіктерінен хабардар болу;
- Мектепте салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде ұсыныстар енгізу;
- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын нығайту, спорт үйірмелеріне оқушыларды тарту.





**Өзін – өзі тану
және бакыт фракциясының жетекшісі:
Алдиярова Шұғыла**

**Өзін – өзі тану және бакыт фракциясының атқаратын міндеттері мен
функциялары:**

- мектеп оқушылар арасында болған, талас тудыратын сауалдарға және кеңес мүшелері арасындағы дауды шешуге көмектеседі;
- парламенттегі талас тудыратын сауалдарға нақты дәл шешім табады;
- оқушылардың өздерін рухани адамгершілік бағытында танып, бойларындағы жалпыадамзаттың құндылықтарды жаққа шығару.






**Қамқорлық
фракциясының жетекшісі: Әбділда Әйгерім**

Қамқорлық фракциясының атқаратын міндеттері мен функциялары:

- еріктілер тобының жұмысын белсендіру;
- оқушылардың арасында бір – бірін сыйлау құрметі, сондай – ақ үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидасы қалыптастырады;
- мектеп оқушыларын қайырымдылық, шыншылдық, адалдық, әділдік, іскерлік, қажырлық сияқты жоғары адамгершілік қасиеттерді өз бойларына сіңіріп аянбай еңбек етуге баулу.





Мәдениет және өнер фракциясының жетекшісі:
Имаш Жансая

Мәдениет және өнер фракциясының фракциясының атқаратын міндеттері мен функциялары:

- Мәдени тәрбиелік бөлімбасының атқаратын міндеттері мен функциялар;
- Мектепшілік іс – шараларды ұйымдастыру;
- Концерттік бағдарламалар, байқаулар ұйымдастыру;
- Еріктілер тобының жұмысын белсендіру;
- Халықаралық және республикалық конкурстарға қатысатын оқушыларға көмек көрсету (жанкүйерлер, плакат және т.б)
- Оқушылардың танымдық деңгейінің терең болуын қадағалап, соған орай мектепшілік іс-шаралар өткізу.





**«Дебат» қозғалысының
фракциясының жетекшісі: Есенкүл Мұхамед**

**Дебат қозғалысының фракциясының атқаратын міндеттері мен
функциялары:**

- оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру;
- шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- талантты жастарды ынталандыру;
- мектеп оқушыларымыздың арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;
- оқушыларымыздың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;
- сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;
- өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету;
- сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз.





Экология және еңбек фракциясының жетекшісі: Абдирасил Назерке

Экология және еңбек фракциясының атқаратын міндеттері мен функциялары:

- табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру
- қоршаған ортаның сапасы және ластануы туралы, сыртқы ортаның барлық факторларының бір-біріне байланыстылығы, оның ішінде біз және табиғат байланыстылығын білуге үйрету және Еңбек адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту және еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру;
- еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту;
- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;
- өз бетімен жұмысқа дағдылануға, өзін-өзі тануға, тіл мәнерін, ой-өрісін дамытуға бейімдеу;
- табиғатты қорғай алатын адамгершілігі мол, ізгілікті, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу;
- оқушылардың тәртібі мен мектептегі жүрісін қадағалау;
- мектептегі қабырға стендтерін безендіруге;
- мектептегі оқушылар кезекшілігін үнемі қадағалау, кезекші постарын тексеру жұмыстары жүктелінеді.





№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі КММ
«Мектеп парламентінің»
«Құқық және тәртіп» фракциясы
бөлімінің 2023 –2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Әдісі	Сыныбы	Жауапты
Қыркүйек				
1	«Мектептегі тәртіп ережелері» Мектеп ережелерімен таныстыру	тәрбие сағат	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
Желтоқсан				
2	«Жас Ұлан» мен үшін...	челендж	7-11	Тәлімгер Бөлімбасы
Ақпан				
3	Сабақ үлгеріміне рейд, оқушылардың киім киісі, бой-басы тазалығын тексеру	рейд	7-10	Тәлімгер Бөлімбасы
Сәуір				
4	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!»	бейнеролик	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
Мамыр				
5	«Жыл оқушы -2024» номинациясын анықтау	шеру	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

М.Т. Омаров

№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі КММ

«Мектеп парламентінің»

«Ақпараттық» фракциясы

бөлімінің 2023 –2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Әдісі	Сыныбы	Жауапты
қыркүйек				
1	Салтанатты жиын	мектепшілік жиын	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
2	«Отбасы-Отанымыздың ошағы»	тәрбие сағаты	8-11	Тәлімгер Бөлімбасы
Қазан				
3	«Мұғалім – мектептің жүрегі» мұғалімдер күніне арналған құттықтау видеороликтер	мерекелік шара	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
4	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына кіретін оқушылардың базасын құру	тізімі	1-10	Тәлімгер Бөлімбасы
5	«Ыбырай Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы» 180 жыл	бейнеролик	1-4	Тәлімгер Бөлімбасы
сәуір				
6	12 сәуір- Ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа түрен салған қыран қазақ!» атты іс-шаралар	дөңгелек үстел, тәрбие сағаты	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
мамыр				
7	«Жеңіс туы астында...» Ардагерлермен кездесукездесу	Кездесу кеш	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
М.Т.Омаров

№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі ҚММ

«Мектеп парламентінің»

«Салауатты өмір салтын насихаттау» фракциясы

бөлімінің 2023 –2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Әдісі	Сыныбы	Жауапты
Қыркүйек				
1	«Біз денсаулықты таңдаймыз!»	сурет байқауы	1-5	тәлімгер бөлімбасы
Қараша				
2	АҚТБ/ЖҚТБ ға қарсы күрес күніне арналған акция «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес»	акция	5-11	тәлімгер бөлімбасы
Қаңтар				
3	«Қызықты қыс» спорттық ойындар	спорттық эстафета	1-11	тәлімгер бөлімбасы



«Бөкітемін»
Мектеп директоры:



Т.Омаров

№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі ҚИМ

«Мектеп парламентінің»

«Өзін - өзі тану және бақыт» фракциясы

бөлімінің 2023 – 2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Әдісі	Сыныбы	Жауапты
Қыркүйек				
1	Топ басшыларының жиналысын өткізу. Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарын дамытудың 2021 – 2022 оқу жылына арнаған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту. Сынып белсенділерін сайлау	отырыс	8-11	Тәлімгер Бөлімбасы
2	Сайлау науқаны	сайлау	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
Қараша				
3	Оқушылар кеңесінің отырысы	отырыс	7-11	Тәлімгер Бөлімбасы
Желтоқсан				
4	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымын қатарына оқушыларды қабылдау	жиын	1-5	Бөлімбасы
5	«Өзінді тану - өмірді тану»	пікірталас	9-10	Тәлімгер Бөлімбасы
Ақпан				
6	Топ басшыларының жиналысы	отырыс	7-11	Тәлімгер Бөлімбасы
7	Сабақ үлгеріміне рейд, оқушылардың киім киісі, бой-басы тазалығын тексеру	рейд	7-10	Тәлімгер Бөлімбасы



«Бейбіттемін»
Мектеп директоры:
М.Т. Омаров

№ 26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі ҚММ
«Мектеп парламентінің»
«Қамқорлық» фракциясы
бөлімінің 2023–2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Әдісі	Сыныбы	Жауапты
Қыркүйек				
1	«Қайырымдылық жасасаң, Қайырын өзің көресің» акциясы «Қамқорлық» операциясы (ардагер ұстаздарға көмек көрсету)	акция	7-11	Тәлімгер Бөлімбасы
2	«Қарттарым, аман сау жүрші» жалғызбасты қарияларға көмектесу	акция	8-11	Тәлімгер Бөлімбасы
3	«Біздің құттықтауларымызды қабыл алыңыз» операциясы «Ұстаздар ұлы тұлғалар» ардагер ұстаздарды жариялау (мереклік сувенир, ашық хаттар және ардагер ұстаздарды құттықтау)	акция	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
қаңтар				
4	«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»	акция	8-9	Тәлімгер Бөлімбасы
5	«Үлкенге – құрмет, кішіге – міндет»	Акция қарияларға көмек	6-11	Тәлімгер Бөлімбасы

«Бекітемін»
Мектеп директоры:

М.Т. Омаров

№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі КММ
«Мектеп парламентінің»

«Мәдениет және өнер» фракциясы

бөлімінің 2023 – 2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Әдісі	Сыныбы	Жауапты
қыркүйек				
1	Салтанатты жиын	мектепшілік жиын	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
қазан				
2	«Мұғалім – мектептің жүрегі» мұғалімдер күніне арналған құттықтау видеороликтер	мерекелік шара	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
қараша				
3	«Қазақтың күйші қызы – Дина» 160 жылы	челендж	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
желтоқсан				
4	«Келдің міне, Жаңа жыл»	мерекелік шара	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
ақпан				
5	«Алмас сөзді ақын - Мұқағали» 90жылы	бейнеролик	9 «б»- 5«б»	Тәлімгер Бөлімбасы
6	«Өлен. сөздің дүлдүлі – Жамбыл» 175 жылы	бейнеролик	6 «б»- 6«а»	Тәлімгер Бөлімбасы
наурыз				
7	«Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» мерекелік концерт	іс-шара	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
	«Әлем бесігін тербепетін жан - АНА» мерекелік концерт	іс- шара	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
мамыр				
8	«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» 1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні/	мерекелік іс- шара	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
9	Соңғы қоңырау	жиыны	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы



№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі, КММ

«Мектеп парламентінің»

«Дебат қозғалысының» фракциясы

бөлімінің 2023 – 2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Әдісі	Сыныбы	Жауапты
қыркүйек				
1	Оқушылар арасында сауалнама жүргізу, қатысушыларды анықтау	сауалнама	7-10	Тәлімгер Бөлімбасы
2	Клубтың жұмыс жоспарын дайындап, бекіту		7-10	Бөлімбасы
3	«Қазақ тілі мәртебесі өз дәрежесінде ме?» мектепшілік дебат	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
қазан				
4	«Дебат жүргізудің негізгі ережелері, элементтері және техникасы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізу	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
қараша				
5	«Ұлттық валюта – теңгенің шығу тарихы» пікір сайыс	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
желтоқсан				
6	«Дебаттың негізгі форматтары» тақырыбы бойынша өткізу	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
7	«Тәуелсіз елдің ұрпағымын» дөңгелек үстел	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
қаңтар				
8	«Сауатты ұрпақ – салауатты болашақ»	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
ақпан				
9	««Ұлттық салт - дәстүрімізді білеміз бе?»»	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
наурыз				
10	«Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны»	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
сәуір				
11	«Жастардың бойында патриотизмді арнайы тәрбиелеу қажет пе?» тақырыбы бойынша дебат өткізу	Пікір сайыс	7-10	Бөлімбасы
мамыр				
12	«Ұлы даланың ұлы өркениеттері»		7-10	Бөлімбасы



№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі ҚММ
«Мектеп парламентінің»
«Экология және еңбек» фракциясы
бөлімінің 2023 –2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Әдісі	Сыныбы	Жауапты
қыркүйек				
1	Семей полигоны жабылуына 30 жыл	сурет байқауы	5-11	Тәлімгер Бөлімбасы
2	«World Cleanup day» бүкіләлемдік тазалық күні	сенбілік	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
қазан				
3	«Үстазым- ұлагатым!» суреттер, ашық хаттар, құттықтаулар, алғыс хаттар даярлау	акция	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
4	«Үстаз деген – жарқын күні ғалымның» мұғалімдер күніне арналған қабырға газетін шығару, шығарма жазу	қабырға газет	6-10	Тәлімгер Бөлімбасы
5	«Арайлы алтын күз»	фотоколлаж	5-7, 8-11	Тәлімгер Бөлімбасы
6	«Сырлы да қазыналы әлем – табиғат» күзгі көрініс жапырақтар, көкөністер, жемістерден бұйымдар жасау	көрме	1-4	Тәлімгер Бөлімбасы
қараша				
7	«Kieli tabigat» экологиялық ақпарат	бейнеролик	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
8	«Эко - Асар» экологиялық марафон	марафон	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
9	«Жас Ұлан» бойтұмарын әзірлеу	байқау	5-10	Тәлімгер Бөлімбасы
10	«Eco - Festival»	көрме	1-10	Тәлімгер Бөлімбасы
11	«Дармарка – заттарға екінші өмір сыйла» акциясы	акция	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
желтоқсан				
12	16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне қабырға газетін шығару	қабырға газетін шығару	7-10	Тәлімгер Бөлімбасы
ақпан				
13	«Ақ қала» акциясы	акция	5-10	Тәлімгер Бөлімбасы
14	«Таза аула» акциясы	акция	1-11	Тәлімгер Бөлімбасы
15	«Қысқы сыйлық» акциясы	акция	5-11	Тәлімгер Бөлімбасы
наурыз				
16	«Наурыз поштасы» акциясы	акция	1-4, 5-7,	Тәлімгер

№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебінің Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдық атқарылған іс-шаралар есебі.

№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебінің 7-11 сынып оқушыларының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жүргізу жоспары құрылып, мектеп директоры Омаров Мұқағали Тұрсынбайұлы бекітті.

Оқушыларға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (екінші кезең - 2016-2020 жылдар), Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленді.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп, колледж, жоғары оқу орны әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрбастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы.

Парламенттің мектептегі қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, колледж бен ЖОО-да Жастар ісі жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ЖІК) төрағасы үйлестіреді.

Білім беру ұйымының әр сыныбында, әр тобында барлық 8 фракцияға депутаттар сайланады.

Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру ұйымының түрлі алқалы органдарының отырыстарына қатысады.

Парламентті басқарудың негізгі нысаны – жобалық менеджмент тетіктерді тиімді басқарудың әмбебап технологиясы.

Мектеп оқушылары, колледж, ЖОО студенттері Парламент депутаттары бола алады.

Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар.

Парламенттердің жобалау қызметін жүзеге асыру үшін мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындары базасында жобалау кеңселері (бұдан әрі – жобалау кеңселері) құрылады.

Жобалық кеңселер:- жыл бойы парламент фракцияларының жобалық-мектеп, колледж, ЖОО Президентін сайлау және өзін-өзі басқару күндерін;

- алқалы органдардың жұмысына қатысуды үйлестіреді.

Әр жобаға түрлі іс-шаралар, жарыстар, акциялар, флешмобтар, экскурсиялар, жорықтар, турнирлер және т. б. кіреді.

Парламент Президентінің сайлауы жылына 1 рет қыркүйек айында өткізіледі.

Парламент мүшелерін, мектеп және студенттік өзін-өзі басқару көшбасшыларын ынталандыру үшін көтермелеудің мынадай түрлері мүмкін: мадақтамалар, дипломдар, «Мектеп Парламентінің көшбасшысы», «Студенттік Парламенттің көшбасшысы» медальдары, стипендиялар, табысты жобаны «Платиналық идеялар» әлеуметтік бастамаларының ұлттық базасына енгізу, Қазақстан бойынша сапарлар, «Балдәурен» РОСО сауықтыру және басқа да лагерьлерде балаларды сауықтыру.

Мектеп және студенттік жобалау кеңселерінің жобалар рейтингтері, Парламент туралы толық ақпарат мектеп, колледж және ЖОО-ның сайттарында орналастырылады.

Жыл сайын балалар мен жастар қозғалысы көшбасшыларының азаматтық қоғамды дамыту және жас ұрпақтың Отанды нығайту және өркендетудегі рөлі мәселелері жөніндегі бірегей республикалық диалог алаңы – Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектеп және студенттік парламенттері көшбасшыларының республикалық слеті өткізіледі.

Күтілетін нәтижелер:

- адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;
- қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;
- білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту;
- барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландырылатыны айтылды.

Түркістан облысы Келес ауданы Бәйтерек ауылы №26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебінің ұйымдастырумен «Өзін-өзі басқару» ұйымын, оқушылар арасында сайлау болып өтті. 2023-2024 оқу жылында мектеп парламентінің президентіне үміткер оқушыға жеке дауыс беру арқылы сайлау барысы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымын құру, оқушылар арасында ішкі тәртіп ережесін сақтау. Оқушылар арасында жеке дауыс беру барысында комиссия мүшелері сайланып, қорытындысы анықталды. Оқушылардың дауыс беруі нәтижесінде ең көп дауыс жинаған 10"А" сынып

оқушысы Есенәлі Ақбота президенттікке сайланды. Президенттік сайлаудан кейінгі ұйымның алғашқы отырысында Мектеп Парламенті министрлері тағайындалды. Ұйымның жұмысына сәттілік тілейміз!

"Мектеп парламенті" жобасында 8 фракция жұмыс жасайды. Және әр фракция төрағасы ретінде мектебіміздің белсенді 8-10 сынып оқушылары сайланды. Олар:

- □Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы –Алдиярова Шұғыла
- □Қамқорлық фракциясы (еріктілік) –Әбділла Әйгерім
- □Дебат қозғалысының фракциясы – Есенқұл Мұхамеджан
- □Құқық және тәртіп фракциясы – Әліпбай Бағлан
- □Ақпарат фракциясы – Үсен Зейнеп
- □Спорт және салауатты өмір салты фракциясы—Шалқар Шыңғыс
- □Мәдениет және өнер фракциясы ---Имаш Жансая
- □Экология және еңбек фракциясы – Абдирасил Назерке

5 қазан -Ұстаздар күні
Мерекелік құттықтаулар!

"Ұстаз-ұлы тұлға" тақырыбындағы мерекелік кешті 10 сынып білім алушыларының қатысуымен ұйымдастырылды.

Мақсаты: кәсіби ұстаз мамандар мен білім саласы қызметкерлерінің төл мерекесін атап өту;

Саналы да сапалы білім беру үрдісіндегі әрбір оқытушының шынайы еңбегі мен мәртебесін атап өту;

Еліміздің өскелең жас ұрпағын білім нәрімен сусындандырып, әрқайсысы үшін үлкен өмірге даңғыл жол салып беретін ұстаздардың адал еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Құрметті ұстаздар!

Төл мерекелеріңіз құтты болсын! Білім мен тәрбие берудегі қажырлы істеріңізге мың алғыс айта отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілейміз!

▪ □Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология)

«Менің сүйікті ауданым» тақырыбында презентация жарысы (9-10сыныптар)

Қамқорлық фракциясы (еріктілік)

Волонтерлік іс (лат. тілінен voluntarius — ерікті) – қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға

жатады. Мектебіміздегі «Мейірім» волонтерлік ұйымының мүшелері осы уақытқа дейін ауыл тұрғындарына көмек көрсетіп келеді.

• □ Дебат қозғалысының фракциясы

Соңғы уақытта елімізде дебат ойындары қарқындау үстінде. Дебат тек зияткерлік ойын емес, ол – сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы. Студенттер арасында ғана қолданылып келген дебат ойыны қазіргі кезде көпшілік қауымды қызықтыруда.

Жалпы, дебат – интеллектуалдық ойын. Негізгі мақсаты – тек сөйлеуді үйретіп қана қоймай, бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыру. Қазіргі күні дебат ойындары: Британдық Парламенттік форматта, Американдық Парламенттік форматта және Линкольн – Дуглас форматында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өтеді. Ойын кезінде қоғамдық-саяси, әлеуметтік, философиялық, білім беру саласындағы әртүрлі тақырыптар қозғалады. Қазіргі кезде дебат клубымызда 7-10 сыныптардан 29 оқушы. Аудан бойынша ең көп дебат ойнайтын оқушы біздің мектепте десек те болады.

Мектеп тәлімгері:  К. Белхожаева

№ 26 «Келес» жалпы орта білім беретін
мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Аға тәлімгері Белхожаева Қарлығаштың
жылдық жоспары 2023-2024 оқу жылы